

**"Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 ақпандағы № 52/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2/2 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 мамырда № 3734 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 26/7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 16.03.2018 № 26/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 ақпандағы № 52/1 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3615 тіркелген, 2016 жылғы 2 сәуірдегі "Ордабасы оттары" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Ордабасы аудандық мәслихатының 04.02.2016 жылғы шешімінің реттік нөмері "52/1" деген сандар "52/2" деген сандармен өзгертілсін;

көрсетілген шешімімен бекітілген Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінде:

6 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу туралы өтініш беру кезінде осы тәртіптің 4 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда (сөз – процедуралық талаптар жөнінде), ол өткізуден бас тартуға және бас тарту мазмұнында жауап қайтаруға негіз бола алмайды.

Мұндай жағдайда Ордабасы ауданының әкімдігі жол берілген кемшілікті жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап есептеледі."

7 тармақтағы орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгертілмейді;

17 тармағының 3) тамақшасындағы "айтуларға" деген сөздер "қышқыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы:*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы:*

*С.Алтыбаев*

*Б.Садвахасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК